

## КЕЛІСЕМІН

«Ақтөбе облысының мәдениет,  
архивтер және құжаттама басқармасы»  
ММ басшысы

  
А.Юнисова  
«11» ~~сентябрь~~ 2023 жыл



## БЕКІТЕМІН

«Ақтөбе облыстық зағиптар және  
нашар көретін азаматтардың  
арнаулы кітапханасы» КММ  
директоры

  
К. Раймбаева  
«10» ~~сентябрь~~ 2023 жыл



### «Ерекше кітаптар әлемі» жобасы аясында «САУСАҚ ҰШЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИЯ» республикалық байқауының ЕРЕЖЕСІ

**Байқау құрылтайшылары:** Ақтөбе облысының әкімдігі, облыстық мәдениет,  
архивтер және құжаттама басқармасы

**Ұйымдастырушы:** Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін  
азаматтардың арнаулы кітапханасы

**Байқаудың өтетін уақыты:** 2023 жылғы қазан айы

#### Байқаудың мақсаты:

Зағип және нашар көретін азаматтардың қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастыру, қимыл-қозғалыс әрекеттерін ұлғайту, эмоционалдық тонусын түзетуін қамтамасыз ету. Жеке тұлғаның одан әрі жақсы дамуына септігін тигізу, қоғамнан оңашалануды жеңу. Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған туындыларды дайындау. Мүгедектерге арналған тактильді кітаптар және бедерлі суреттермен кітапхана қорын толықтыру. Шығармашылық адамдарды анықтау. Балаларға арналған тактильді кітаптар мен бедерлі суреттер жасау бойынша үздік тәжірибелерді анықтау және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі (ДМШ) балалармен айналысатын адамдардың жұмысын жарнамалау. Ерекше балалардың мәселелеріне қоғамның назарын аудару. Мүгедек балаларды оңалтуға жәрдемдесу. Қызықты суретшілерді іздеу және таланттарды қолдау. Көру қабілеті бұзылған азаматтарға бейімделуге көмектесу. Әркімнің даралығы мен әлеуетін ашып, шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға көмек көрсету.

#### Байқау 2 номинация бойынша өтеді:

- 1) «Үздік тактильді кітап»

## **Номинация шарты:**

Байқауға ұсынылған жұмыстар ұлттық құндылықтар, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері, табиғат, спорт, өнер және т.б. туралы тақырыптар болғаны абзал.

Байқауға көру қабілеті нашар және басқа да мүмкіндігі шектеулі мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларға арналған тактильді кітаптар қабылданады. Бір қатысушы бірнеше кітап ұсына алады.

Байқауға ерекше балалармен жұмыс жасайтын мекемелер, шығармашылық шеберханалар, кітапханалар, балалардың ата-аналары мен ресми өкілдері, жеке тұлғалар қатыса алады.

Материал мен түсі бойынша фон мен бейне сәйкес келу керек.

Кітап көлемі А4 парақтан артық болмау керек.

Кітап ауыр болмауы керек.

Кітап беттері алақанмен жағымды сезілуі керек.

Ерекше оқырман денсаулығы үшін қауіпсіз болуы керек.

Кітапта бейнеленген тірі тіршілік немесе бейне өте дәл, салыстырылған эталондық бейнесін алып келуі керек (мысалы: итті бейнеленген кезде, жан-жағынан қарағанда, міндетті түрде төрт табан, екі көз, құйрық, екі құлақ болуы керек)

Егер де бір бейне бірнеше бетте қайталанатын болса, бала оны басқалармен шатастырмауы үшін оның бірыңғай өлшемін, пішін үйлесімін сақтау қажет.

Әр заттың бөлшектерін бейнелеуде (адамдар, жануарлар және т.б.) пропорцияларын сақтау маңызды (мысалы: мысық бейнесі тышқаннан үлкен болмауы керек).

Адамдардың, жануарлардың, заттардың бейнесіндегі түстер табиғи түстеріне сәйкес болуы керек.

Бейнелер бау, кнопка немесе жабысқақтармен бекітіледі.

Түрлі-түсті қағаз, мата, тері қиқымдарынан құрастырып салған сурет, өрнек қолданылады.

Тактильді кітапқа QR-код орнату қажет.

Мүмкін болған жағдайда кітапты Брайль жүйесінде оқи алатындар үшін арнайы қаріппен, нашар көретіндер үшін ірі көлемді мәтінментолықтыруға болады.

Түрлі маталар (фетр, вельвет, барқыт, плюш, байка, фланель); қысқа түкті тері, былғары; өте тегіс емес, кедір-бұдыр, барқыт беті бар қағазды қолдануға болады.

Балалар қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін жұмсақ ойыншық, қалталар, жабуға және ашуға болатын қаптар, түйме, жабысқақ және т. б. заттарды кеңінен қолдануға болады.

Байқауға түскен жұмыстар түзетілмейді және қатысушыларға қайтарылмайды.

Қатысушылардың жас ерекшеліктеріне шектеу жоқ.

Байқауға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне **2023 жылдың 5 қыркүйек айына** дейін өтініштер мен жұмыстар қабылданады (қосымша үлгі).

## 2) «Үздік бедерлі сурет»

### Номинация шарты:

Байқауға зағип және нашар көретін, басқа да мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған бедерлі суреттер қабылданады. Бір қатысушы бір жұмыс ұсына алады.

Байқауға ерекше балалармен жұмыс жасайтын мекемелер, шығармашылық шеберханалар, мектептер, жеке тұлғалар қатыса алады.

Бедерлі сурет көлемі А3, А4 парақтан артық болмау керек.

Бедерлі сурет ерекше оқырман денсаулығы үшін қауіпсіз болуы керек.

Мүмкін болған жағдайда бедерлі суретті Брайль жүйесінде оқи алатындар үшін арнайы қаріппен, нашар көретіндер үшін ірі көлемді мәтінмен толықтыруға болады.

Қатысу үшін эмоциялар мен сезімдер әлемін бейнелейтін авторлық бедерлі сурет, иллюстрациялар қабылданады. Зағип және нашар көретін адамдардың қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін және денсаулықтарына зиян келтірмейтін әртүрлі материалдардан (ағаш, пластелин, балшық және т.б.) қолдануға болады.

Эмоционалды жағдайларды (портреттер, тұрмыстық көріністер және т.б.) түсіретін жұмыстар да, эмоция көрермендердің қабылдауының кілті болып табылады.

Байқауға түскен жұмыстар түзетілмейді және қатысушыларға қайтарылмайды.

Қатысушылардың жас ерекшеліктеріне шектеу жоқ.

Байқауға қатысу үшін ұйымдастыру комитетіне **2023 жылдың 5 қыркүйек айына** дейін өтініштер мен жұмыстар қабылданады (қосымша үлгі).

### Байқау талабы:

Қатысушылардың жол шығындары, қонақ үйі (жатын орны) және тамақтануы жіберуші тараптың есебінен төленеді.

### Қазылар алқасы:

Қазылар алқасының құрамы тифлопедагогтар мен кәсіби суретшілерден құралады. Қазылар алқасы байқау барысында тағайындалған жүлделерді бөліп беруге немесе бермеуге құқылы. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделіп, қайта қарауға жатпайды. Жеңімпаздар мен қатысушылардың марапаттау рәсімі **2023 жылдың 12 қазан айында** өтеді.

## **Байқауды қаржыландыру:**

Байқау облыстық бюджет есебінен қаржыландырылады.

## **Марапаттау жүлделері:**

Қазылар алқасы шешімімен төмендегідей жүлделер тағайындалады:

### **«Үздік тактильді кітап» номинация бойынша:**

Бас жүлде - 1 (біреу)  
I орын – 2(екеу)  
II орын –3 (үшеу)  
III орын - 4 (төртеу)  
Ынталандыру – 15 (он бес)

### **«Үздік бедерлі сурет» номинация бойынша:**

Бас жүлде - 1 (біреу)  
I орын – 2 (екеу)  
II орын – 3 (үшеу)  
III орын - 4 (төртеу)  
Ынталандыру – 15 (он бес)

## **Қабылданатын құжаттар:**

- 1) Өтінін (үлгі бойынша)
- 2) Қатысушы туралы мәліметтер (Т.А.Ә., туған жылы, оқу орны, жұмыс орны, телефоны, электронды поштасы)
- 3) Байқауға ұсынылатын тактильді кітаптың немесе бедерлі суреттің атауы
- 4) Қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Байқауға қатысушы құжаттарын төмендегі мекенжайға жіберуі қажет:

030003, Ақтөбе қаласы,

Орынбор көшесі, №11 үй

«Ақтөбе облыстық зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған арнаулы кітапхана» МКҚК

Байланыс телефондары: 8(7132) 40-12-34; 40-11-40

+7 771 126 39 73 (Р. Карагулова)

E-mail: [aoznkk@mail.ru](mailto:aoznkk@mail.ru)

*Қосымша*

**«Ерекше кітаптар әлемі» жобасы аясында  
«Саусақ ұшындағы Инклюзия» атты республикалық  
байқауына қатысушының  
ӨТІНІШІ**

Облыс (аудан, ауыл)	
Өтініш беруші ұйым атауы немесе жеке тұлғаның Тегі, Аты-жөні	
Туған жылы	
Оқу орны, жұмыс орны	
Байланыс телефоны, электронды поштасы	
Байқауға ұсынылатын тактильді кітаптың немесе бедерлі суреттің атауы	
Жеке куәлігінің көшірмесі	